

АВТОЖОЛ КӨПІРЛЕРІНІҢ ТЕМІРБЕТОНДЫ АРАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРЫН КОМПОЗИТТІ МАТЕРИАЛДАРМЕН НЫҒАЙТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитеті Төрағасының 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 110 бұйрығымен бекітілген.

Алғысөз

1 "Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты" акционерлік қоғамы ("ҚазжолҒЗИ" АҚ) ДАЙЫНДАП
ЕНГІЗДІ

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитеті
2 Төрағасының 2018 жылғы "07" желтоқсандағы №110 бұйрығымен БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА
ЕНГІЗІЛДІ

3 "ҚазАвтоЖол" ҰК" Акционерлік қоғамының 2018 жылғы "11" қазандағы № 03/14-1-2273-И хатымен
КЕЛІСІЛДІ

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ

2022 жыл

5 ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

5 жыл

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Мазмұны

1 Қолдану саласы

1.1 Осы ұсынымдар термореактивтік адгезивтердер, арматураланған көмертеу немесе шыны талшықтардан жасалған композитті материалдармен сырттау арматуралау жүйесін орнату жолымен жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарындағы көпір құрылыстарының темірбетон құрылымдарын нығайтуды жобалау немесе қалпына келтіруге қатысты.

1.2 Ұсынымдар ҚР ЕЖ 3.03-112 және ҚР ҚНЖЕ 5.03-34 талаптары қатысты композитті материалдармен сырттан арматуралау жүйесімен нығайтылған немесе қалпына келтірілген темірбетон құрылымдарын есептеуге және темірбетон құрылымдарын нығайту немесе қалпына келтуіріге арналған жоғарыда айтылған жүйелерді жобалауға қойылатын талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы ұсынымдарда келесі құжаттарға нормативтік сілтемелер пайдаланылды:

ҚР ҚНЖЕ 5.03-34-2005 Бетон және темірбетон құрылымдары. Негізгі ережелер.

ҚР ЕЖ 2.04-01-2017 Құрылыс климотологиясы.

ҚР ЕЖ 3.03-112-2013 Көпірлер мен құбырлар.

ҚР ЕЖ 3.03.113-2014 Көпірлер мен құбырлар. Зерттеу және сынау ережелері.

МЕМСТ 25.601-80 Беріктке сынау есептері. Полимер матрицасы (композиттері) бар композициялық материалдарды механикалық сынау әдістері. Қалыпты, жоғары және төменгі температураларда жазық сынамаларды созылуға сынау әдісі.

МЕМСТ 6943.17-94 Шыны талшық. Маталар. Тоқылмаған материалдар. Ені мен ұзындығын анықтау әдісі.

МЕМСТ 6943.18-94 Шыны талшық. Маталар. Тоқылмаған материалдар. Қалыңдығын анықтау әдісі.

МЕМСТ 8736-2014 Құрылыс жұмыстарына арналған құм. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 9550-81 Пластмассалар. Созылу, қысу және иілу кезіндегі серпімділік модулін анықтау әдістері.

МЕМСТ 11262-80 Пластмассалар. Созылуға сынау әдісі.

МЕМСТ 14759-69 Желімдер. Ығысу кезіндегі беріктігін анықтау әдісі.

МЕМСТ 15173-70 Пластмассалар. Сызықтық жылулық ұлғаюының орташа коэффициентін анықтау әдісі.

МЕМСТ 17624-2012 Бетондар. Беріктікті анықтаудың ультрадыбыс әдісі.

МЕМСТ 18105-2010 Бетондар. Бақылау және беріктігін бақылау ережелері.

МЕМСТ 18616-80 Пластмассалар. Шөгуін анықтау әдісі.

МЕМСТ 22690-2015 Бетондар. Беріктігін бұзбай бақылаудың механикалық әдістерімен анықтау.

МЕМСТ 22904-93 Темірбетон құрылымдар. Бетонның қорғаныс қабатының қалыңдығы мен арматураның орналасуын анықтаудың магнитті әдісі.

МЕМСТ 24297-2013 Сатып алынған өнімдерді тексеру. Жүргізуді ұйымдастыру және бақылау әдістері.

МЕМСТ 26433.1-89 Құрылыстағ геометриялық параметрлердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу жүрзігу ережелері. Зауыттық дайындау элементтері.

МЕМСТ 27271-2014 Лактық-сырлық материалдар. Жарамдылық мерзімін бақылау әдісі.

МЕМСТ 28570-90 Бетондар. Құрылымдардан іріктелген сынамалар бойынша беріктікті анықтау әдістері.

МЕМСТ 28780-90 Полимерлі желімдер. Терминдер мен анықтамалар. Клеи полимерные.

МЕМСТ 29104.1-91 Техникалық маталар. Сызықтық өлшемдерін, сызықтық және беттік жазықтықтарын анықтау әдістері.

МЕМСТ 29104.2-91 Техникалық маталар. Қалыңдығын анықтау әдісі. МЕМСТ 31937-2011 Ғимараттар мен құрылыстар. Техникалық күйін зерттеу және бақылау ережелері.

МЕМСТ 32618.2-2014 Пластмассалар. Термомеханикалық талдау (ТМТ). 2-бөлім. Сызықтық жылулық ұлғаю коэффициенті мен шынылану температурасын анықтау.

МЕМСТ 32943-2014 Бетон құрылымдарын қорғауға және жөндеуге арналған материалдар. Құрылымдарды нығайту элементтерінің желімді қосылуына қойылатын талаптар.

МЕМСТ Р 54559-2011 Талшықтармен арматураланған реактопласттардан жасалған құбырлар және құбыр желісінің бөлшектері. Терминдер мен анықтамалар.

МЕМСТ Р 55135-2012 Пластмассалар. Дифференциалды сканерлейтін калориметрия (ДСК). 2-бөлім. Шынылану температурасын анықтау.

Ескерту - Осы ұсынымдарды қолдану кезінде ағымдағы жылдың 1-қаңтардағы күйі бойынша жасалған "Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар" көрсеткіші бойынша , және де ағымдағы жылда жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша сілтемелік стандарттардың әрекет етуін тексеру қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы ұсынымдарды пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты нұсқау етіп қолдану қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай күші жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамай қатысты қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы Ұсынымдарда тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

3.1 Темірбетон құрылымды нығайту: Құрылымның көтергіштік қабілетін және пайдалану қасиеттерін арттыруға бағытталған құрылымдық шаралар мен технологиялық жұмыстар кешені.

3.2 Темірбетон құрылымды қалпына келтіру (жөндеу): Құрылымның дайындау ақауларының немесе оны пайдалану үдерісінде бұзылған оның көтергіштік қабілетін және пайдалану қасиеттерін арттыруға бағытталған құрылымдық шаралар мен технологиялық жұмыстар кешені.

3.3 Композитті материалдармен сырттан арматуралау (темірбетон құрылымды): Темірбетон құрылымға композиттік материалдардан зауыттан шығарылған бұйымдарды (кенептерді, ламинаттарды) жабыстыру немесе үздіксіз көміртектен немесе шыны талшықтан (кенептер, торлар және басқа да мата материалдар) жасалған бұйымдарды терморезистивті адгезивтермен қатырып, бір қабатты немесе көп қабатты композитті материалды қалыптастырып, жабыстыру.

3.4 Композитті материалдармен сырттан арматуралау жүйесі: Жүйе жұмысын жоғары температурадан, ашық оттан, ультракүлгін сәуледен және механикалық зақымданулардан қорғайтын, терморезистивті адгезивпен, бір қабатты немесе көп қабатты композитті материалмен, қажет болғанда қорғаныс қабатпен қатырылған желімдік қабаттан тұратын жүйе.

Ескерту - Қорғаныс қабат темірбетон құрылымды қалпына келіру немесе нығайтуға арналған жобалық құжаттамаға сәйкес жағылады.

3.5 Ламинаттар: Құрылымдарды сырттан арматуралауды орнатуға арналған сіндіру және ыстық сығу арқылы зауыт жағдайларында жасалған, қалыңдығы және ені әртүрлі көп қабатты жолақтар.

Ескерту:

1. Ламинаттар ұзындығы, ені және қалыңдығы әртүрлі, бур бағытта арматураланған жолақтар немесе тілімшелер түрінде жасалады.

2. Кейбір дайындаушылардың техникалық құжаттамаларында "ламинат" терминының орнына "ламель" термины қолданылады.

3.6 Нығайту элементтері: Темірбетон құрылым негізіне жабыстыру үшін дайындалған ұзындығы, мен ені әртүрлі ламинаттар немесе олардың бөлшектері немесе үздіксіз көміртектен немесе шыны талшықтан жасалған бұйымдар (кенептер, торлар және басқа да материалдар) бөлшектері.

3.7 Адгезив (термореактивті): Темірбетон құрылым негізіне ламинаттарды жабыстыру немесе сіндіруге және үздіксіз көміртектен немесе шыны талшықтан жасалған бұйымдарды (кенептер, торлар және басқа да материалдар) жабыстыруға арналған термореактивті шайырдан тұратын желімдегіш құрам.

Ескерту - Осы ережелер жинағында термореактивті адгезив деп эпоксидті шайырлар негізіндегі адгезив қабылданады.

3.8 Праймер: темірбетон құрылымының негізін аздегивті жағу алдында алдын ала дайындауға үшін қолданылатын материал.

3.9 Негіз (темірбетон құрылымының): Темірбетон құрылымын композитті материалдармен сырттан арматуралау арқылы нығайтуда немесе қалпына келтіруде ламинаттар немесе үздіксіз көміртектен немесе шыны талшықтан жасалған бұйымдар (кенептер, торлар және басқа да материалдар) жабыстыралытын бет.

3.10 Кенептер - Құрылыстық жағдайларда сырттан арматуралау жүйесін дайындауға арналған көміртек, арамид және шыны талшықтарынан жасалған тоқымалы таспалар мен жамылғылар.

4 Жалпы ережелер

4.1 Көпірлердің темірбетон құрылымдарын нығайтуды немесе қалпына келтіруді жобалауды оларды натуралық зерттеу және көпір құрылыстардың жүк көтергіштігін анықтау нәтижелерінің негізінде жүргізу қажет.

4.2 Натуралық зерттеулер нәтижесінде келесілер анықтаулы қажет: құрылымның күйі, құрылымдардың геометриялық өлшемдері, құрылымдардың арматуралануы, бетонның беріктігі, арматураның түрі мен тобы және оның күйі, құрылымдардың иілген жерлері, жарықшақтардың орналасуы және ашылу ені, ақаулар мен бұзылулардың өлшемдері мен сипаты, әрекеттегі жүктемелер, құрылымдардың статикалық сұлбасы.

4.3 Аралық құрылымдарды зерттеу жұмыстары ҚР ҚНЖЕ 3.03-113 "Көпірлер мен құбырлар. Зерттеу және сынау ережелері" мен МЕМСТ 31937, МЕМСТ 17624, МЕМСТ 22690, МЕМСТ 22904, МЕМСТ 28570, МЕМСТ 18105 талаптары ескеріліп жүргізіледі.

4.4 Көпір құрылыстарының салмақ түсетін элементтерінің жүк көтергіштігін есептеу элементтердің нақты өлшемдерін, элементтер арасында тұрақты және уақытша жүктемелер күштерінің үлесуін, жүк көтергіштікке ықпал ететін ақаулар мен зақымдануларды, бетон мен арматураның беріктік және деформациялық сипаттамаларын ескере отырып жүргізу қажет.

Бұл мәселелерді шешуде келесі жұмыстар жүргізілуі қажет:

- көпір құрылысын зерттеу, құрылыс бойынша ақпараттарды және оның күйінің өзгеріс сипаттамасын анықтауға арналған техникалық құжаттамамен танысу;
- зерттеулер мен сынаулар мәліметтерін ескере отырып, құрылыстың (аралық құрылымдардың, тіреулер мен олардың элементтерінің) есептік сұлбасын нақтылау;
- қималарын өлшеу нәтижелері бойынша элементтердің геометриялық сипаттамаларын есептеу - элементтер мен жұмыс арматурасы қимасының алаңы, қиманың кедергі моменттерін, статикалық моменттердің және т.б.;
- құрылым материалдарының беріктік және деформациялық сипаттамаларын анықтау - қысу кезіндегі бетонның беріктігі және арматура болатының маркасы (олар бойынша қиманың көтеруші қабілетін анықтауда қабылданатын материалдардың есептік кедергілерін анықтау), сондай-ақ серпімділік модулі;
- құрылыс сенімділігіне ықпал ететін салмақ түсетін құрылымдардың нақты өлшемдерінің жоба бойынша құрылымдық талаптарға, ҚР ЕЖ 3.03-112 және ҚР ҚНЖЕ 5.03-34 талаптарына сәйкес келуін (элементтер қалыңдығы, қорғаныс қабаты, арматураның орналасуы және т.б. бойынша) анықтау (тікелей немесе жанама жолмен).

4.5 Көпір құрылыстарын зерттеу жұмыстары ҚР ЕЖ 3.03-113 сәйкес жүргізіледі.

4.6 Көпір құрылыстары элементтерінің жүк көтергіштігін есептеуде есептік сұлбалар анықталған нақты геометриялық өлшемдер мен кейбір құрылым элементтері мен қосылулардың жобадан құрылымдық ауытқауын ескере отырып қабылдау қажет.

4.7 Көпір құрылыстары элементтерінің жүк көтергіштігін анықтауда натуралық хзерттеу барысында анықталған құрылымдардың ақаулары мен зақымданулары ескерілуі қажет:

- беріктігінің төмендеуі;
- жергілікті зақымдану немесе бетонның бұзылуы;
- арматураның үзілуі;
- арматураның тоттануы;
- арматураны бетонмен анкерленуінің және ілінісуінің бұзылуы;
- жарықшақтардың пайда болуы немесе олардың ашылуы және тағы басқа.

4.8 Көпір құрылыстарының аралық құрылымдары мен тіреулерінің жүк көтергіштігін анықтау үшін келесілерді анықтау қажет [1]:

- шектік күйінің алғашқы және екінші топтары бойынша есептік қималарға арналған шектік күштер мен деформацияларды (қиманың көтергіш қабілеті $S_{пред}$);

- статикалық сұлба мен ақауларда (зақымдануларда) бар өзгерістерді ескере отырып, тұрақты жүктеме мен топтардағы есептік күштер мен деформациялар үлесін;
- жылжымалы уақытша жүктемеге (есептік күштің ұйғарынды мәні) беруге болатын шектік күштер мен деформациялардағы үлесі;
- К жүктеме тобындағы эталонды (автомобильді, бір дөңгелекті) немесе шекті сұлба бойынша жылжымалы уақытша тік жүктеме салмағының шекті мәні.

4.9 эталонды жылжымалы тік жүктеме немесе шекті жүктеме тобының салмағының шекті мәні, осы жүктемелерден S_{br} күшті есептей отырып, оларды сақтай отырып есептік күштің шекті мәнімен салыстыру.

4.10 Композитті материалдармен сырттау арматуралау жүйесі жүйедегі құрамдас бөліктердің жұмысқа қосылуын және олардың нығайтыатын немесе қалпына келтірілетін құрылымдармен бірлестікте жұмыс атқаруын қамтамасыз ету қажет.

4.11 композитті материалдармен сырттан арматуралау арқылы нығайтылатын немесе қалпына келтірілетін қолданыстағы құрылым бетонының қысу кезіндегі беріктігінің минималды шекті нақты тобы төмендегілерден кем болмауы қажет:

- B15 - иілетін құрылымдарды нығайту кезінде;
- B10 - қысылған құрылымдарды нығайту кезінде.

4.12 Жемірілген болат арматурасы бар элементтерді тоттану себеі мен өнімдерін жоймай нығайтуға болмайды.

ҚР ЕЖ 3.03-112 және ҚР ҚНжЕ 5.03-34 белгіленген нығайтылатын құрылымның қалыпты қималар бойынша беріктігін есептегендегі қысылған аймақ бетонының биіктігі оның шекаралық мәнінен асатыны есеппен бекітілген иілмелі құрылымдардың қысылған аймақтарын композитті материалдармен сырттан арматуралаумен нығайту ұсынылмайды.

4.13 Қорғаныс қабаты жоқ композитті материалдармен сырттан арматуралау жүйесімен нығайтылған немесе қалпына келтірілген темірбетон құрылымдарының пайдалану температурасы композитті материалды және (немесе) термореактивтік адгезивті шынылау температурасынан аспау қажет.

4.14 Композитті материалдармен сырттан арматуралау жүйесін жобалауда пайдалану үдерісінде, оның ішінде қорғаныс қабатын салу жолымен жүйеге тікелей күн сәулесі түспеуі қажет.

4.15 Өрт қауіпсіздігін және сырттан арматуралау жүйесінің композитті материалдарын зақымданулардан қорғауды қамтамасыз ету қажет болғанда қорғаныс қабатты эпоксидті шайыр негізіндегі адгезивпен үйлесімді отқа берік арнайы құрамдармен салуды қарастыру қажет.

4.16 Композитті материалдармен сырттан арматуралау жүйесін жобалауда көпірлердің ауыспалы ылғал шарттарында пайдаланылатын темірбетон құрылымдары үшін ылғал буларының бетон денесінен шығару мүмкіншілігін қарастыру қажет.

4.17 Құрылымдарды нығайту немесе қалпына келтіру жұмыстары композитті материалдармен сырттан арматуралау жүйесін өрттеу қорғау қондырғысынсыз жүзеге асырылған болса, құрылымның өртке төзімділігін есептеу сырттан арматуралау жүйесінің жұмысын есепке алмай жүргізу қажет.

4.18 Композитті материалдармен сырттан арматуралау арқылы нығайтылған құрылымдарды есептеу көтеру қабілеті, деформациялар және жарықшақтарға төзімділігі бойынша жүргізілуі қажет.

4.19 Сырттан арматуралау жүйесі пайдаланылған технологиялар келесі жағдайларда қолданылады: көпірлер мен өтпезолдардың жүк көтергіштігін төмендететін ақаулар мен зақымданулар бар болғанда олардыңаралық құрылымдарының көтергіштік қабілетін қалпына келтіруде; жүктеменің көбеюіне байланысты нығайтуды талап ететін аралық құрылымдардың көтергіштік қабілетін арттыруда; аралық құрылымдар элементтерінің тозуының артуы. Композиті материалдар негізіндегі сырттан арматуралау жүйесін пайдалану элементтердің көтергіштік қабілетін 20-30 %-ға, кейбір жағдайларда одан да жоғары пайыздарға арттырады.

4.20 Композитті материалдар (ламинаттар, кенептер) жапсырылатын бетон негізінің қысу кезіндегі беріктігі 15 МПа аз болмауы қажет. Бетонның беріктігі МЕМСТ 22690 немесе МЕМСТ 17624 талаптарына сәйкес бұзбай бақылау әдістерінің бірімен анықталады.

4.21 Нығайтылатын қабаттардың максималды мөлшері негіздің бетімен ілінісудің есептік күшімен шектеледі. Тілімнің немесе кенептің бойлық жолағының бірінші қабатын әрекеттегі күш оның қатпралануына алып келмейтін аймаққа кіргізіледі, ал келесі әрбір қабат алдыңғы қабат кесілген жерден кемінде 150 мм аралықта кесіледі. Жапсырылатын қабаттар саны тілімдер үшін үштен көп емес, кенептер үшін 5-тен көп емес мөлшерінде ұсынылады.

4.22 Кернеулер шоғырланатын жерлерде - элементтің геометриялық өлшемдер өзгертін немесе көлденең қиманы арматуралау жерлерінде, нығайту материаланың ені немесе қалыңдығы өзгерген жерлерде - композициялық материалды анкерлеу қажет.

Анкерлеу жұмыстары нығайту материалын оның теориялық үзілу нүктесінің (нығайту материалын ескермей, сыртқы иілу уақыты шекті уауқытқа тең болатын қима) сыртына бұрау немесе тік, еңіс кенептерді төсеу арқылы жүзеге асырылады.

4.23 Теориялық үзілу нүктесінің сыртына бұрау ұзындығы төмендегі формуламен анықталады:

$$\omega = \frac{Q}{(2q_{sw})} + 5.64\sqrt{A_k} \quad , \quad (1)$$

мұнда Q - нығайту материалының теориялық үзілу нүктесі арқылы өтетін қимадағы көлденең күш, кН; q_{sw} - бір элемент ұзындығына келетін көлденең арматурадағы күш, кН, ол мынаған тең:

$$q_{sw} = R_s A_{sw} / s \quad (2)$$

4.24 Кенептер мен тілімде қалыптан тыс қима элементтердің бойлық өсіне бұралуы қажет, олар төмендегіден кем емес ұзындыққа есептелінетін есептік кедергімен R_k ескеріледі:

$$l_{dk} = \sqrt{\frac{n E_k t_k}{\sqrt{R_{b,n}}}} \quad (3)$$

мұнда $R_{b,n}$ - бетонның қысуға кедергісінің нормативтік мәні, МПа;

t_k - композитті материалдың бір қабатының қалыңдығының сандық мәніне тең өлшемсіз параметр, мм;



E_f - композитті материалдың серпімділік модулі, МПа.

4.25 Композициялық материалдар жапсыру ұзындығы бойынша негіз бетонының қысу кезіндегі беріктігі 25 МПа көп болғанда есептік нығайтылатын аймақтың (аркерлеу аймағы) сыртына кемінде 100 мм-ге, бетон беріктігі 25 МПа аз болғанда 150 мм шығып тұруы қажет. Нығайту элементінің құрылымы көп қабатты болса, әрбір келесі қабат анкерлеу ұзындығы бойынша алдыңғы қабаттар қысқа болуы қажет.

4.26 Қатпарланудың таралу ұзындығын шектеу үшін және шеткі аймақтардағы нығайту элементтерін анкерлеуді арттыру үшін бойлық арматуралаумен бірге тік немесе еңіс кенептер немесе тілімдер түріндегі бойлық арматуралауды да салған дұрыс. Кенептер арасындағы арақашықтық 2,5 метрден аспауы қажет. Тік кенептермен салу арқылы нығайту жұмыстарын жүргізгенде әріп келесі бойлық қабат тік кенепке сәйкес ұсталатындай етіліп бойлық қабаттар мен кенептерді жапсыруды кезектестіру қажет.

4.27 Еңіс қималар бойынша нығайту үшін тіреу алды аймақтарында тік немесе еңіс кенептер орнатылуы мүмкін. Кенептер жақсылап анкерлеуді қамтамасыз ету үшін төменгі аймақтың бойлық қаптамасының үстіне жапсырылады. Еңіс кенептер


қабырғаның төменгі (төбе) беті бойынша түйісетін кенептің (таспа) екі кесіндісінен орындалады. Қосылыс төменнен таспаның бүкіл ені бойынша жүзеге асырылады.

4.28 Құрылымдарды сыртқы бұрыштардан бұрай кезінде (еңіс кенептерді немесе U-тәрізді шеңберлерді салу) 2-3 см катеті бар қиықжиегі алынуы немесе радиусы 2-3 см дөңгелек жасалуы қажет. Ішкі бұрыштарда жөндеу қоспаларымен радиусы 20 см кем емес айық жасалуы қажет. 1-суретте аралық құрылым бөренелерінің кенептерін жапсыру алдында құрылымдардың бұрыштарын дайындау үлгісі көрсетілген (суреттегі өлшеідер мм-лерде берілді), кемінде B25 болды.

4.29 Элементтердің қисық сызықты беттерін нығайтуда зауытта шығарылған тілімдерді жапсыру кезіндегі бүгіс радиусының шекті мәнін композитті материалды шығарушының мілеметтері бойынша қабылдау қажет.

4.30 0,33 мм-ден көп ашылған жарықшақтар тұтқырлығы төмен эпоксидту құрамдармен, одан аз ашылған жарықшақтар полимерцемент ерітінділерімен жөнделуі тиіс.

Қысылған элементтерді нығайту



1-сурет - Кенептерді жабыстыруға дейін құрылымдар бұрыштарын дайындау

4.31 Көмірталшық пен нығайту және арматуралау құрылымдарының болат элементтерінің нығайтылатын құрылымдармен түйісуіне болмайды. Керісінше жағдайда материалды гальваникалық тоттан қорғауды қамтамасыз ету қажет.

4.32 Сырттан көлденең арматуралау f_w кенептерінің немесе тілімдерінің ені 50 мм-ден аз немесе 250 мм-ден көп болмауы қажет, көлденең артамураудың қолденең жабыстыру қадамдары $f_s - f_w$ төмен болмауы және $h_o / 2; 3 \cdot f_w$; $f_w + 200$ мм мәндерінен көп болмауы қажет.

5 Құрылымдарды сырттан арматуралау арқылы нығайтуда қолданылатын материалдарға қойылатын талаптар

5.1 Композитті материалдардан сырттан арматуралау жүйесінің құрамдас бөлшектеріне қойылатын талаптар

5.1.1 Темірбетон құрылымдарын нығайтығу немесе қалпына келтіруге арналған материалдар қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуі қажет, олардың нормативтік талаптарға сәйкес келетінін растайтын сүйемелдеу құжаты болуы қажет, сапа паспортын және (немес) сынақ хаттамаларын қоса алғанда және МЕМСТ 24297 бойынша кіру бақылануы қажет.

5.1.2 Сырттан арматуралау жүйесін құрайтын материалдардың сипаттамалары 1-кестеде келтірілген талаптарға сәйкес келуі қажет.

1-кесте - Сырттан арматуралау жүйесін құрайтын материалдардың сипаттамалары

Көрсеткіштің атауы	Көрсеткіштің мәні	Бақылау әдісі
Көмірталшықтан жасалған кенептер, торлар және басқа да тоқымалы материалдар үшін		
Беріктік, МПа, аз емес	1000	МЕМСТ 25.601
Серпімділік модулі, ГПа, аз емес	55	МЕМСТ 25.601
Сызықтық жылулық ұлғаю коэффициенті, $^{\circ}\text{C}^{-1}$ - бойлық	$(-1-0) \cdot 10^{-6}$	МЕМСТ 15173
- көлденең	$(22-50) \cdot 10^{-6}$	-
Көмірталшықпен арматураланған ламинаттар үшін		
Беріктік, МПа, аз емес	1600	МЕМСТ 25.601
Серпімділік модулі, ГПа, аз емес	150	МЕМСТ 25.601
Шынылану температурасы $^{\circ}\text{C}$, аз емес	40	МЕМСТ 32618.2 МЕМСТ P 55135
	$(-1-0) \cdot 10^{-6}$	МЕМСТ 15173

Сызықтық жылулық ұлғаю коэффициенті, °C -1: - бойлық		
- көлденең	(22-55)·10 -б	
Шыныталшықтан жасалған кенептер, торлар және басқа да тоқымалы материалдар үшін		

1-кестенің жалғасы

Беріктік, МПа, аз емес	520	MEMCT 11262
Серпімділік модулі, ГПа, аз емес	15	MEMCT 9550
Сызықтық жылулық ұлғаю коэффициенті, °C -1		
- бойлық	(6-10)·10 -б	MEMCT 15173
- көлденең	(19-23)·10 -б	
Шыны талшықпен арматураланған ламинаттар үшін		
Беріктік, МПа, аз емес	520	MEMCT 11262
Серпімділік модулі, ГПа, аз емес	15	MEMCT 9550
Шынылану температурасы °C, аз емес	40	MEMCT 32618.2 MEMCT P 55135
Сызықтық жылулық ұлғаю коэффициенті, °C -1 : - бойлық	(6-10)·10 -б	MEMCT 15173
- көлденең	(19-23)·10 -б	
Адгезивтер үшін*		
Ашық ұстау уақыты	Мәлімделген мәні ±20%	MEMCT 28780
Өміршеңдігі	Мәлімделген мәні ±20%	MEMCT 27271
Қысу кезіндегі сірпімділік модулі, Н/мм 2 , аз емес	2000	MEMCT 9550
Ығысу кезіндегі беріктігі, Н/мм 2 , аз емес	10	MEMCT 14759
Шынылану температурасы, °C, аз емес	40	MEMCT 32618.2 MEMCT P 55135
Сызықтық жылулық ұлғаю коэффициенті, °C -1 , не менес	10·10 -б	MEMCT 15173

Шөгу, %, көп емес	0,1	MEMСТ 18616
* MEMСТ 32943 талаптарына сәйкес		

5.1.3 Кенептердің, торлардың және басқа да полимерлі композициялық материалдар мен ламинаттардың нақтылы ені мен қалыңдығы дайындауға арналған дехнологиялыққұжаттамаларда бекітілген талаптарға сәйкес келуі қажет және 2-кестеге сәйкес сырттан арматуралау жүйелерін орнатқанға дейін кіру бақылануы қажет.

2-кесте - Композициялық материалдардың көрсеткіштерін бақылау әдістері

Көрсеткіштің атауы		Бақылау әдісі
Көмірталшықтан жасалған кенептер, торлар және басқа да тоқымалы материалдар үшін		
Ені, мм		MEMСТ 29104.1
Қалыңдығы	, мм	MEMСТ 29104.2
Шыныталшықтан жасалған кенептер, торлар және басқа да тоқымалы материалдар үшін		
Ені, мм		MEMСТ 6943.17
Қалыңдығы	, мм	MEMСТ 6943.18
Көмірталшықпен немесе шыныталшықпен арматураланған ламинаттар үшін		
Ені, мм		MEMСТ 26433.1
Қалыңдығы	, мм	MEMСТ 26433.1

5.2 Композитті материалдардың нормативтік және есептік сипаттамалары

5.2.1 Композитті материалдармен сырттан арматуралау арқылы нығайтылған темірбетон құрыламдарын есептеуге үшін композитті материалдардың негізгі беріктік және деформациялық сипаттамалары болып келесі нормативтік мәндер саналады:

- созылуға кедергісі $R_{f,n}$;
- қысу кезіндегі серпімділік модулі $E_{f,n}$;
- шекті салыстырмалы деформациялар $\epsilon_{f,ult,n}$;
- көлденең деформация коэффициенті $m_{f,n}$.

5.2.2 Созылуға кедергісі, қысу кезіндегі серпімділік модулі және көлденең деформация коэффициенті MEMСТ 25.601 бойынша анықталады.

5.2.3 Созылуға кедергісін, қысу кезіндегі серпімділік модулін, шекті салыстырмалы деформациялар мен көлденең деформация коэффициентін сынамаларды MEMСТ 25.601 сәйкес сынау нәтижелері бойынша белгіленген, 0,95 қамтамасыз етілген мәндерге тең қабылдау қажет.

5.2.4 Серпімділік модулі мен көлденең деформация коэффициентінің есептік мәндерін олардың нормативтік мәндеріне тең етіп қабылдау қажет.

5.2.5 Қысылуға кедергісін R_k төмендегі формуламен анықтау қажет:

$$R_f = \frac{\gamma_{f1} \cdot \gamma_{f2} \cdot R_{f,n}}{\gamma_f}, \quad (4)$$

мұнда, g_f - екінші топтың шектік күйі бойынша есептеуде 1,0 тең , ал бірінші топтың шектік күйі бойынша 1,2 - көмеркопмозит үшін, 1,8 - шыны композит үшін қабылданатын композитті материалдың сенімділік коэффициенті;

g_{f1} - композитті материалдың типі мен құрылымдарды пайдалану шарттарына байланысты 3-кесте бойынша пайдаланылатын композитті материалының жұмыс шартының коэффициенті;

g_{f2} - төмендегі формуламен анықталынатын, композитті материалдың бетонмен ілінісін ескеретін композитті материалдың жұмыс шартының коэффициенті.

$$\gamma_{f2} = \frac{1}{2,5\varepsilon_{f,ult}} \sqrt{\frac{R_b}{nE_f t_f}} \leq 0,9$$

, (5)

мұнда, $\varepsilon_{f,ult}$ - композитті материалдың шекті салыстырмалы деформацияларының мәні, ол төмендегі мәндерде (7) формуламен анықталады:

R_k , (5.1) [2] формуласымен есептелген, $g_{f2} = 1,0$ болғанда;

n - композитті материал қабаттарының саны;

R_b - битумды өстік қысығу кедергісінің есептік мәні, МПа.

3-кесте - Композитті материалдың жұмыс шартының g_{f1} коэффициенттері

Құрылымды пайдалану шарты	Композитті материал типі	g_{f1} коэффициент мәні	
		ламинаттардың	кенептердің, торлардың және басқа да тоқымалы материалдардың
Ішкі орналасуларда	Көміркомпозит	0,95	0,9
	Шыныкомпозит	0,75	0,7
Ашық ауада	Көміркомпозит	0,85	0,8
	Шынылокомпозит	0,65	0,6
Агрессивті ортада	Көміркомпозит	0,85	0,8
	Шыныкомпозит	0,5	0,5

Ламинаттар үшін бірінші топтың шектік күйі бойынша есептегенде сенімділік коэффициенті g_f дайындау мәліметтері бойынша қабылдауға болады, бірақ 1,1-ден аз болмауы қажет.

Композитті материалдармен сырттан арматуралау арқылы нығайтылған темірбетон құрылымдарын бірінші топтың шектік күйі бойынша тұрақты және ұзақ жүктемелерге есептегенде композитті материалдың созылуға кедергісінің есептік мәнін төмендегіге тең етіп қабылдау қажет:

$$R_f = \gamma_{f1}\gamma_{f2}\gamma_{f3}R_{f,n}; \quad (6)$$

мұнда, γ_{f3} - көміркомпозиттер үшін - 0,8; шыны композиттер үшін 0,3-ке тең деп қабылданатын нормативтік жүктеменің ұзақ әрекетінде композитті материалдың созылуға нормативтік кедергісін төмендету коэффициенті.

5.2.6 Композитті материалдың шекті салыстырмалы деформацияларының есептік мәнін $\varepsilon_{f,ult,n}$ келесі формуламен есептеу қажет:

$$\varepsilon_{f,ult} = \frac{R_f}{E_f}; \quad (7)$$

5.2.7 Созылу кезінде кернеулер мен салыстырмалы деформациялар арасында байланыс орнататын композитті материал күйінің (деформациялану) есептік диаграммаларын сызықтық етіп қабылдау қажет.

5.3 Бетон мен болат арматураның нормативтік және есептік сипаттамалары

5.3.1 Қолданыстағы құрылым бетонының нормативтік және есептік мәндерін ҚР ЕЖ 3.03-112 бойынша бетонның нақты (шартты) сыныбына байланысты қабылдау қажет.

Бетонның нақты сыныбын бетонның беріктігін қамтамасыз ететін, оның нақты орташа тығыздығына баламалы, бетонды бұзбай сынау әдістерімен сынау немесе құрылымдан іріктелген сынамаларды сынау мәліметтері бойынша белгіленген ауыстыру коэффициенттер көмегімен анықтау қажет.

5.3.2 Қолданыстағы болат арматураның нормативтік және есептік мәндерін ҚР ЕЖ 3.03-112 бойынша жобада көрсетілген арматура сыныбына немесе арматураның шартты сыныбына байланысты қабылдау қажет.

Арматураның шартты сыныбын арматураның беріктігін қамтамасыз ететін, оның нақты орташа тығыздығына баламалы, зерттелетін құрылымдардан іріктелген арматура сынамаларын сынау әдістерінің мәліметтері бойынша белгіленген ауыстыру коэффициенттер көмегімен анықтау қажет.

Жобалық мәліметтер жоқ болса және сынамаларды іріктеу мүмкін болмаса болат арматураның сыныбын оның пішінінің түрі бойынша анықтау, ал есептік кедергісін осы сыныпқа арналған қолданыстағы нормативтік құжаттарда орнатылған мәндерден 20%-ға төмен қабылдау қажет.

6 Композитті материалдармен сырттан арматуралау арқылы нығайту жүйесін жобалау ережелері

6.1 Пайдаланымдағы көпір құрылыстарының аралық құрылымдарының темірбетон бөренелерін нығайту

6.1.1 Жалпы ережелер

Көпір құрылыстарының темірбетон бөренелері құрылымдардың созылған және максималды созу күштеріне (құрылымның қатарлас өсіне) қатарлас бағытталған фибрлері бар аймағында орналасқан композитті материалдармен сырттан арматуралау арқылы ию жұмыстарын жүргізуде нығайтылуы мүмкін.

Пайдаланымдағы аралық құрылымдар құрамындағы нығайтылған (бөрененің немесе тақтаның көтергіштік қасиеті өзгертілген) құрылымның беріктігі ҚР ЕЖ 3.03-112 талаптарына сәйкес қалыпты және еңіс қималары бойынша анықталады. Бөрене қырының созылған шетінде орналасқан композициялық материал композициялық материал жапсырылғаннан кейін уақытша жүктеме ықпалында орын алатын бөренемен ию жұмыстарымен бірлікте ескеріледі. Нығайтылған құрылымның қимасы мен төменгі талшықтар бойынша созылуының бейтарап өсін анықтауға арналған жазық қималар болжамы қолданылады.

Нығайту жобасын әзірлеуге дейін құрылымдарда ақаулардың болуы және олардың қалыпты және еңіс қималар бойынша бетонның көтергіштік қабілеті мен қаттылығына ықпалын анықтай отырып, құрылымдар зерттеледі. Қысылған аймақтағы бетонның нақты беріктігі мен арматураның нақты тоттануы ескеріледі.

Барлық есептер ҚР ЕЖ 3.03-112 "Көпірлер және құбырлар" талаптарына сәйкес орындалуы қажет.

6.1.2 Алғашқы шектік күйі бойынша қималардың беріктігін есептеу

6.1.2.1 Бойлық өске қалыпты қималардың есебі

а) Құрылымдарды нығайту үшін пайдаланымдағы құрылымдарды өске қалыпты және еңіс бөренелер қималарының беріктігі бойынша (ҚР ЕЖ 3.03-112 талаптарына сәйкес) есептеудің (қайта есептеудің) нәтижелері негіз болады, есептеулер арқылы жапсырылатын композициялық материалдың қажетті қимасы (материалдар қабаттарының саны) анықталады, атап айтқанда:

-
 ΔM
- иілу моментінің жетпейтін мәндері;

-
 ΔQ
- көлденең күштің жетпейтін мәндері.

б) Иілген темірбетон элементтерінің (бөренелердің, тақталардың) бойлық өске қалыпты қималарының беріктігі бойынша тексергенде бөренелердің төменгі бетіне жапсырылған композициялық материал ішкі қос қимасы жетіспейтін моменті бойынша анықталады (жетіспейтін көтергіштік қабілеті

ΔM
) . Композициялық материалдың қимасы іріктелінетін моменті келесі тәртіпте анықталады.

- момент ҚР ЕЖ 3.03-112 талаптарына сәйкес жүктелу кезінде аралық құрылым бөренесіне (бөренелерене) келетін есептік уақытша жүктемеден анықталынады;

- бөрене қимасының бейтарап өсінің орналасу орнын және бетонның қысылу аймағының ауырлық ортасына дейін нығайту болжалған бөрене үстінен "х" арақашықтығы анықталады;

- қимадағы нақты ікші күш анықталады (ҚР ЕЖ 3.03-112 65 немесе 66 формуласының оң бөлігі);

- нығайту жүйесі іріктелінетін мән

ΔM

анықталады;

Мән

ΔM

бөренені ию кезінде композициялық материалда пайда болатын күшпен (N_k) орны толтырылады:

$$\Delta M \leq N_k \cdot h_{\text{вп}} = N_k \cdot (h - x') ; \quad (8)$$

мұнда

$h_{\text{вп}}$

- композициялық материалдан қысылған аймақтық ауырлық ортасына дейінгі арақашықтыққа тең жапсырылған композициялық материалдың ішкі қос иіні;

h - бөрененің биіктігі;

x' - бөрененің үстінен бастап қысылған аймақтың ауырлық ортасына дейінгі арақашықтық.

в) Күш (N_k) композициялық материалдың көлденең қимасының алаңына (яғни F_k) және талшықтарда пайда болатын кернеулерге ($\sigma_k = \epsilon_k \cdot E_k$) байланысты екенін ескерсек (8) формула төмендегідей суреттеледі:

$$N_k \cdot h_{\text{вп}} = \sigma_k \cdot F_k \cdot h_{\text{вп}} = \sigma_k \cdot F_k (h - x') ; \quad (9)$$

Беріктігі бойынша иілетін элементтердің қалыпты қимасының есебі қимадағы барлық элементтер өзінің беріктік шегіне жеткен шектік күйін қарастыруды болжайды, шкетік кернеу $0,9R_k$ аспауы қажет нығайту материалын есептемегенде. Бұл талаптар нығайту материалы жапсырылатын бетон негізігің бұзылуына және бетон балқыма бетонмен түйіскен кездегі деформацияны қабылдай алмау себебінен нығайту материалының ықтимал қабаттануына жол бермейді.

Алғашқы шектік күйі бойынша беріктікке есептеуде $\frac{1}{2}$ композициялық материалдың қажетті қимасы төмендегі формуламен анықталады:


$$F_k = \frac{\Delta M}{\sigma_k(h-x')} = \frac{\Delta M}{0,9 \cdot R_k \cdot (h-x')} ; \quad (10)$$

Композициялық материалдың салыстырмалы ұзаруы (таспаның ұзаруы ϵ_k) арматураның ұзаруынан

ϵ_a

көп болмауын есепке алсақ, қажетті F_k анықтауда болат пен композиттің серпімділік модульдеріндегі айырмашылықты ескеру қажет. Онда (10) формула төмендегідей суреттеледі:

$$F_k = \frac{\Delta M}{(h-x') \cdot 0,9 R_k} \cdot \frac{E_k}{E_a} . \quad (11)$$




1 – нығайту таспалары (кенептері); 2 - қамыттар

2-сурет - Кернелетін арматурасы бар бөрененің төменгі жағында қосымша арматураның (кенептердің немесе таспалардың) орналасу үлгісі


г) Алдын ала кернелмеген арматураланған арматурасы бар жарма бөренеді кенептердің орналасу үлгісі 2 және 3-суреттерде көрсетілген, алдын ала кернелген бөренелер үшін және 4 суреттерде көрсетілген, Т-тәрізді әдеттегі арматурасы бар бөренелер үшін.

Аралық құрылымдардың шеткі алдын ала кернелген бөренелерінде қамыттар су бұрғыш түтік арқылы немесе жаяужол арысы арқылы ағатын су бөрегене тигенде қабатталу орын алмау үшін бетонға болат тілімшемен қысылуы мүмкін. Тілімшелерді бекіту бетонға бұрғыланған тесікке жапсырылған түйреудің көмегімен жүзеге асырылады.


Ұзындығы 33 м алдын ала кернелген бөренені нығайтуға арналған таспа қабатының санын есептеу үлгісі А қосымшасында келтірілген.



Қысатын тақтайша




Нығайту түйіні
(қима 1-1)




1- Нығайту КМ; 2- тік қамыттар; 3- қысатын тақтайша; 4- тақтайшаны бекітуге арналған түйреу

3-сурет - Алдын ала кернелген бөренелерге композициялық материалдардан жасалған қамыттарды бекіту



1 – нығайту таспалары (кенептері); 2 - қамыттар

д) 4-суретте қарастырылған жағдайлар үшін бөрененің төменгі қырынан композитті материалдың қима ортасына дейінгі арақашықтыққа тең "а" арақашықтықты анықтайды. (8) - (11) формулаларында бөрененің биіктігінің h орнына ($h-a$) мәнін қолданады. Қаптайтын кенептердің мөлшері есеппен анықталады. 3-суретте екі кенебі бар нұсқа келтірілген. Қаптайтын үш кенепті пайдаланғанда олардың ұзындығы 6.1.3-т. бойынша қабылданады (4-кестені қараңыз). Сыртқы кенептің ұштарына биіктігі $0,5 \cdot h^{**}$ төмен емес тік таспалар (кенептер) жаспсырылады (4-суретті қараңыз).



4-сурет - Қаңқалы бөрененің төменгі жағына қосымша арматураның (қаптайтын кенептердің) орналасу үлгісі

6.1.2.2 Бойлық өске көлбеу қималарды есептеу

а) көлденең күші мен иілу кезі бойынша алдын ала кернелмеген арматурасы бар бөрененің бойлық өсіне көлбеу қиманың ҚР ЕЖ 3.03-112 талаптарына сәйкес анықталған беріктігі жетіспегенде көлбеу (бұрма арматураға параллель) немесе тік (қабыттарға қатарлас) орналасқан таспалар мен кенептер қолданылады (5-сурет).

